



# ПРИОЗЕРСКИЙ

№ 09/394

06 марта 2015 года

## Вестник

### ӘЙЕЛДЕРДІҢ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ КҮНІ ҚҰТТЫ БОЛСЫН! С МЕЖДУНАРОДНЫМ ЖЕНСКИМ ДНЁМ!

#### Қымбатты Ханымдар!

Сіздерді көктемнің алғашқы күндерімен бірге көңілге қуаныш ала келетін 8 Наурыз мерекесімен шын жүректен құттықтаймыз!

Отбасыларыңыз бен өздеріңізге амандық, дендеріңізге саулық, ұзақ әрі шаттыққа толы ғұмыр, шаңырақтарыңызға құт-береке тілейміз.

Өңір халқының әл-ауқатын жақсарту жолында атқарып жатқан еңбектеріңізге табыстарға жетіп, үлкен биіктерден көрінулеріңізге шын жүректен тілектеспіз.

Сіздерге биылғы жылы да қуанышы мен қызығын ала келген төл мерекелеріңізді шадыман көңіл күймен қарсы алып, құшақтарыңыз гүлге толсын деген тілегімізді білдіреміз.

Құрметпен:

Қала әкімі  
Мәслихат хатшысы

Қ.Камзин  
Б.Сәрсембеков

\*\*\*\*\*

#### Дорогие женщины!

В этот прекрасный весенний день от всего сердца, поздравляем Вас с прекрасным праздником весны и красоты!

Ваш прекрасный праздник стал неподдельным символом весны, с которым связаны самые светлые надежды на перемены. Мы благодарим вас за красоту и обаяние, понимание и терпение. Пусть в вашей душе всегда цветет весна, а счастье, любовь и удача будут вашими неизменными спутниками! И пусть теплая атмосфера этого прекрасного весеннего праздника согревает ваши сердца!

Крепкого здоровья, благополучия, радости Вам и Вашим близким!

Суважением:

Аким города  
Секретарь маслихата

К.Камзин  
Б.Сәрсембеков

\*\*\*\*\*

#### ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ!

Құрметті приозерскілік нәзік жанды сайлаушыларымыз!

Әйел – ана, әйел – жар, олар біздің әже-аналарымыз, әпке-қарындастарымыз бен аяулы қыздарымыз. Сіздердің әр күндеріңіз мереке мен қуаныш-шаттыққа толы болғанын қалаймыз. Сіздерге қандай жылы сөз, қандай мақтау мен мадақтау арналса да лайықты. Көк желекті көктеммен бірге көңілге қуаныш сыйлай келетін Сіздердің төл мерекелеріңіз – 8 Наурыз мейрамын бәріміз асыға күтеміз. Ер азаматтар бұл күні гүл, сыйлық дайындап, анасының, қарындасының, сүйіктісінің жүрегіне қуаныш сыйлауға асығады.

Құрметті қыз-келіншектер!

Сіздерді бүгінгі төл мерекелеріңізбен шын жүректен құттықтап, құрыштай мықты денсаулық, сымбатты сұлулық, баянды бақыт, шаттық пен қуаныш тілеймін! Әрқашан мына өмірге сән беріп, жылу таратып, мейірім төгіп, шуақ шашып тұрғандарыңыз үшін Сіздер қашанда өздеріңіздің сыйлы, сүйікті, қадірлі екендеріңізді сезініп, Сіздерсіз мына дүние бос екенін ұмытпаңыздар!

Амандық Жұмаханұлы Серіков,  
Қарағанды облыстық мәслихатының депутаты

#### 8 наурыз- әйелдердің халықаралық күні

### МЕРЕКЕЛІ КҮНГЕ – МЕРЕЙЛІ ШАРА

Үстіміздегі жылдың 5-наурыз күні әйелдердің халықаралық күніне арналған салтанатты жиын мен дәстүрге айнала бастаған «Қанатты әйел» байқауы қалалық өнер және спорт мектебінің ғимаратында өтті. Ардақты аналар мен әйел-қыздар мерекесі қарсаңында өткен нәзік жанды тұлғалардың бәсекелі байқауы мен концерттік бағдарламаға қала жұртшылығы әдеттегіден көп жиналды.

Қала әкімі Қ.А.Камзиннің құттықтауынан соң ҚР Президентінің Жарлығы және қала әкімінің өкімі оқылып, қала тұрғыны көп балалы ана А.Ариноваға «Жүміс алқа» белгісі тап-



сырылды және қаладағы кәсіпорын, мекеме, ұйымдарда қызмет ететін бір топ әйелдер қауымына әкімнің Құрмет грамоталары мен

#### Құрметті аналар, әпкелер және қарындастар!

«Приозерский вестник» апталық газетінің ұжымы сіздерді төл мерекелеріңіз 8 Наурыз халықаралық әйелдер күнімен шын жүректен құттықтайды!

Осынау жарқын мерекенің біздің барлық үміттеріміз бен армандарымызды тығыз байланыстыратын көктемнің алғашқы айының басында келуі, жақсылықтың нышаны болса керек. Қашаннан бергі дәстүріміз бойынша біз бұл күні Сіздерге – аналарымыз бен апа-қарындастарымызға, қыздарымызға ең ыстық құттықтауларымыз бен ең ізгі тілектерімізді жолдаймыз.

Анасыздар, кен байтақ даласыздар.  
Жаны жайсаң жеңімпаз данасыздар.  
Көлеңке жоқ көңіліңде, қылауы жоқ,  
Үлбіреген жауқазын баласыздар.

Сіздер — Күнсіз, аспанда жарқыраған,  
Сіздер — озен, тау суы сарқыраған,  
Сіздер — ана, сіздер — жар, сіздер — қыздар,  
Сіздер — жаңбыр, ақ нөсер сарқыраған.

Сіздерге шынайы көңілден зор денсаулық, баянды бақыт, отбасыларыңызға береке-бірлік, еңбектеріңізге табыс тілейміз!

«Приозерский вестник» апталық газетінің ұжымы атынан  
газетіміздің бас редакторы  
Бегазы Кенжебеков

\*\*\*\*\*

#### Милые дамы!

Редакция еженедельной газеты «Приозерский вестник» от всей души поздравляет вас с весенним праздником 8 марта – Международным женским днем!

Желаем вам вести как весенние цветы и всегда быть рядом с нами любящими, бодрыми и прекрасными!

Пусть будет этот День Весны  
Для Вас особенно чудесным  
И полным ясной глубины  
И прятных запахов древесных.  
Пусть алый цвет и бирюза  
Рождают праздничность и песни,  
Пусть будут яркими глаза,  
И будут радостными вести!

Сегодня это праздник наших мам, сестер и бабушек севдовласых.  
Еще раз с праздником!

От имени редакции газеты «Приозерский вестник»  
главный редактор Бегазы Кенжебеков



Алғыс хаттары, бағалы сыйлықтары табысталды. Қалалық мәслихат хатшысы Б.М.Сәрсембеков барша әйел-қыздарды мәслихат және депутаттар атынан құттықтап, бір топ қыз-келіншекті Құрмет грамоталарымен марапаттады. Жылғандарды, қаланың тұрғындары мен әскери бөлімдерде қызмет ететін қыз-келіншектерді 44841 әскери бөлімнің сардары Б.Ә.Жиенбаев құттықтады.

Жиын соңы байқау мен мерекелік концертке ұласты. Концерт шымылдығын қаламыздың танымал әншісі Айғанша Большова әуенді әнмен ашты. Аталмыш мерекелік шараға әртүрлі ұжымдардан 6 үміткер қатысты. Олар: Приозерск қаласы білім беру, дене шынықтыру және спорт бөлімінің әдіскері

кші сержанты мая Жалымбетова, Приозерск қаласы әкімі аппараты кадр бөлімінің басшысы Шолпан Рысжанова, 06708 әскери бөлімі басқарма батареясының барлаушы операторы Гүлфайруз Қуандықова, «Еркетай» шағын орталығының тәрбиешісі Малика Ерімбетова және Приозерск қалалық ауруханасы үдемелі терапия бөлімінің медбикесі Жанар Көдековалар болды.

Байқау қатысушылары ұйымдастырушылар дайындаған бес шартты орындау бойынша бақ сынасты. Қазылар алқасының төрағасы Берік Ахметов, мүшелері: Гүлжан Рахаева және Гүлнар Узалиналардың сыны мен көрермендердің талқысына олар білімі мен біліктілігін, өнері мен тапқырлығын, шешендігі мен шеберлігін, ой жүйріктігі мен дауыс мәнерін паш етті. Биылғы байқау мейлінше тартысты өтті. Үміткерлер барынша дайындалып, жеңіс тұғырына көтерілу үшін бар күш-жігерін салды. Мұнда ән де, би де,

(соңы 2 бет.)

## ЖЕҢІС КҮНІН ЖАҚЫНДАТҚАН ЖАУЫҢҒЕР АНА, КӨКТЕМГІ МЕРЕКЕҢІЗ ҚҰТТЫ БОЛСЫН!



Бүгінгі әңгімеміздің арқауы Ұлы Отан Соғысының ардагері, Приозерск қаласының құрметті азаматы **Кубеева Аймереке Латипқызы** анамыз жайлы болмақ. Біздерді осы бейбіт өмірге жеткізген, ерлермен қатар қолына қару алып, сұм жаудың бетін қайтарып қана қоймай, оны өз ұясында тұншықтырған қазақтың ержүрек қыздарының бірі Аймереке әжеміз – бүгінде немере-шөберелерінің қызығын көріп отырған ардақты ана. Аймереке Латипқызы 1927 жылдың 5 мамырында Орал қаласында дүниеге келген. 1932 жылы әкесі, оның соңынан шешесі қайтыс болып, жетім қалған 5 жасар қыз Ақтобедегі жетімдер үйіне қабылданады. Мектеп жасына келгенде оны Петропавловскідегі жетімдер үйіне ауыстырады. Оқушы қыз мектепті жақсы бағаман бітіріп, Москва қаласындағы тау-кен институтына оқуға түседі. 1942 жылы, оқығанына бар болғаны 6 ай болған уақытта, Сталинград қоршауда қалды деген хабарды естігеннен кейін, «соғысқа өз еркімізбен қатысамыз» - деп Аймереке, Катя деген қалмақ қызы және Ким деген кәріс қызы үшеуі әскери комиссариатқа барып тіркеледі. Үшеуі полкқа түскеннен кейін Аймереке қызды байланысшылар полкіне жібереді. Сұрапыл соғыс жылдарын Аймереке әжей былайша еске алады: «Соғысқа қатысқан жерлеріміз: Киев, Корстен-

Подольский қалалары. Соңғысында 2-3 күн аш болды. Бізге келіп тұрған азық-түлік вагонды босату туралы бұйрық келгеннен кейін, командиріміз маған және тағы бір жігіт пен бір қызға осы вагонды босатып, тұйыққа апарып тығуды жүктеді. 2 вагонға бомба түсіп, жанып кетті. Біз 11 вагонды аман алып қалдық. Маған бомбаның жарқыншақтары тиіп, ауыр жараландым. Содан Корстен-Подольскийде госпитальда жатып емделдім. 2 айдан кейін жазылып, полкіме қайттым. Ол кезде полкіміз Украина, Белоруссия жерлеріне барып қалған екен. Сол Украина жерінде қазақтың батыр қызы Әлия Молдағұловамен кездесіп, жон сұрастық. Ол: «Мен де Ақтобеліктің, сіңлім боласын» - деп, екеуіміз құшақтасып, жылап алдық. Әлия мені өз полкіне шақырды. Мен өзімді ауыстыру туралы өтініш жазып едім, командирім қарсы болып, өтінішімді жыртып тастады. Бұл туралы Әлияға айтқандымда ол: «Сіңлім, бауырым, аман бол! Ұрыстан аман-есен қайтсақ Ақтобе қаласындағы Ленин көшесінде кездесерміз» - деп, екеуіміз қоштастық. Сол кеткеннен біз кездесе алмадық. Кейіннен батыр қыз Әлияның ерлікпен қаза тапқанын газеттен оқып, жылап алдым. 1945 жылы соғыс бітіп, елге оралдым. Өмірімен ризамын». Аймереке Латипқызы кіші лейтенант шенінде Сталинград, Украина, 2-ші Беларусь және Брест-Титва майдандарындағы ұрыстарға қатысқан. Барлау ротасында барлаушы, 1873-зенит-артиллерия полкінің 10-батареясында пулеметші болған. 1942 жылдың 17 маусымынан 1943 жылдың 2 ақпанына дейін ұрыстағы армия қатарында болып, Сталинград шайқасына, Кавказ қорғанысына, Киев, Ростов на Дану, Константинополь, Владимир-Волынский, Воронеж, Ровно, Корстен-Подольский қалаларын және Шығыс Пруссияны азат етуге кавалерия полкінің сапында қызмет ете жүріп қатысқан. Үшінші рет жарақат алғаннан кейін РККА-ның байланыс қайта қалыпқа елтіру поезі 250-полкіне жіберілген. Әскери қызметтен 1945 жылы босатылған. Аймереке Латипқызы «Ерлігі үшін», «Әскери еңбегі үшін», «ҰОС-дағы жақсылық еңбегі үшін», «Германияны жеңуі үшін» және Ұлы Жеңістің мерейтойлық медалдарымен марапатталған.

Биылғы жылдың 9-мамырында тойланатын Ұлы Жеңістің 70 жылдық мерей тойы қарсаңында тұспа-тұс келіп отырған 8 наурыз – әйелдердің халықаралық Күнімен Аймереке әжемізді құттықтай келе, ұзақ ғұмыр мен зор денсаулық тілейміз.

Б. Алшынбекұлы

## МЕРЕКЕЛІ КҮНГЕ – МЕРЕЙЛІ ШАРА

(соңы. басы 1 бет.)

тапқырлық та, өнер де болды. Байқау қортындысында қазылардың шешімімен барлық қатысушыға номинациялар бойынша арнайы марапаттар берілді. Жүлделі үшінші орынды Гүлбира Хожанова мен Жанар Көдекова өзара бөлісті. Екінші орынға Малика Ерімбетова ие болса, «Қанатты әйел» сайысының жеңімпазы атағы мен бірінші орынды 44841 әскери бөлімінің кіші сержанты Мая Жалымбетова қанжығасына байлады.

Жеңімпаздарға Приозерск қаласы мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің марапаттары мен бағалы сыйлықтары тапсырыл-



ды. Көрермендердің талғам-таразысы бойынша жекелеген нөмірлерден М.Ерімбетованың «Сәлемдесу-таныстыруы, ұлттық киім үлгісі мен келіншек биі, М.Жалымбетованың өзбек биі мен таныстыруы, Г.Хожанованың қыздарымен бірігіп орындаған кәріс биі сәтті шыққан деп бағаланып жатты. Жалпы биылғы екінші рет өткен «Қанатты әйел» мерекелік бағдарламасына қатысушылардың дайындығының мықты болып, тартысты өткенін, көрермендердің көңілінен шыққанын айта кетуіміз керек.

Нұрғали ҚАРАБЕКТЕГІ,  
газеттің  
арнаулы тілшісі



## СЕСТРА МИЛОСЕРДИЯ

Участница Великой Отечественной войны рядовой **Алексеева Валентина Михайловна**, родилась 31 января 1923 года в городе Ленинград.

19-ти летней девочкой Валентина Михайловна ощутила на себе все тяготы военного времени. В годы войны она работала медсестрой. С сентября 1941 года по июнь 1942 года служила младшей медсестрой эвакогоспиталя № 428 в городе Сокол. С июня 1942 года по 26 ноября 1943 года служила медсестрой в инфекционном поезде. С 1 декабря 1943 года по 26 сентября 1944 года служила в эвакуационном госпитале № 1539, с февраля 1945 года по сентябрь 1945 года работала медсестрой в лагере военнопленных при НКВД.

После Великой Победы, с сентября 1945 года и по январь 1948 года – Валентина Михайловна проработала медсестрой в Тхорском детском саду. После чего, она до февраля 1956 года проработала медсестрой на скорой помощи и в больнице в городе Укмерге Литовской ССР.

В марте 1956 года Валентина Михайловна прибыла в Казахстан, где на берегу Балхаша и бескрайних степях Бетпак-далы военные строители начали воплощение грандиозного плана по созданию противоракетного щита нашей Родины и строительство военного города Приозерск. Все последующих 30 лет она неустанно проработала медсестрой в в/ч 34402, дислоцированной в городе Приозерск, и в апреле 1986 года вышла на заслуженный отдых.

За героизм в годы Великой Отечественной войны и беззаветное служение Родине, Валентина



Михайловна награждена орденами ВОВ 2-степени, Жукова, четвертой юбилейной медалью за освобождение Украинского фронта, памятными медалями 40 лет, 50 лет и 60 лет Победы.

Поздравляем Валентину Михайловну с прекрасным весенним праздником 8 марта – Международным женским днём! Желаем крепкого здоровья и долгих лет жизни!

Б. Алшынбекұлы

2015 жыл - ҚХА жылы

## ШАҢЫРАҚ – ОРТАҚ, МАҚСАТ – БІР



Қазақстан Республикасы Тәуелсіздік алған 23 жылдан астам кезеңде еліміз, Елбасымыздың сарабал саясатының арқасында жүздеген жылға парпар жауапкершілігі жоғары жолдан жаңылмай жүріп өтіп, жаһанға жарқын істерімен танылып отыр. Қазіргі Қазақстан бірқалыпты даму үстінде. Әрине, бұл тұрақтылықтың жемісі. Еліміз тыныш, береке-бірлігі бекем, мызғамас мемлекетке айналуының сыр-сипаты ұлтаралық татулықта десек болады.

Кең байтақ Қазақстанда бүгінгі күні 130 ұлт пен ұлыстың өкілдері ортақ бір шаңырақ астында, тату-тәтті өмір сүруде. Ұлтаралық татулықтың, мызғамас достықтың тірегі – Қазақстан халқы Ассамблеясы. Ассамблеяның Қазақстанда құрылғанына биыл 20 жыл толып отыр. Осы уақыт ішінде Қазақстан халықтарының достығы одан әрі нығайып, береке-бірлігі өрістеп, еліміздің барлық жерінде мәдени орталықтар, этно-мәдени бірлестіктер ұйымдастырылып, олар ел бірлігін арттыруға өз үлестерін қосуда. Біздің Приозерск қаласында үш мәдени орталық жұмыс істейді. Олар қазақ халқының мәдениетін, салт дәстүрін және әдет-ғұрыптарын өзге ұлт өкілдеріне насихаттауға, елді бірлікке шақыруға, ұмытылып бара жатқан жақсы дәстүрімізді қайта жаңғыртып,

дамытушы «Атамұра» мәдени орталығы, «Исток» славян халықтарының этно-мәдени бірлестігі және «Арзу» атты эзербайжан этно-мәдени бірлестігі.

«Атамұра» орталығы және «Исток», «Арзу» этно-мәдени бірлестіктері ашылған күннен бастап қалада өткізіліп жатқан әртүрлі мәдени іс-шараларға үнемі белсенді түрде қатысып отырады. Достық пен татулық тақырыбын арқау еткен бұл орталық пен этно-мәдени бірлестіктер, адамдар бір-бірімен дос тату болса, елде тыныштық пен тұрақтылықтың болатынын кейінгі жас ұрпақтың санасына сіңіруге жұмыс жасайды. Мереке сайын концерттік бағдарламалар және ұлттық тағамдар көрмесін ұйымдастырып, қала халқын бірлікке жұмылдыруға атсалысады.

Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев биылғы жылды Қазақстан халқы Ассамблеясының жылы деп жариялады. Бұл жақсы хабар Қазақстан халқын одан әрі біріктіріп, тұрақтылыққа, төзімділікке және қоғамдық келісімге бастайтын айшықты жылға айналсын деп тілеймін. «Мәңгілік ел» болу идеясын бәріміз бір кісідей қолдап, ортақ шаңырақ – Қазақстанның одан әрі гүлденіп дамуына үлес қосайық.

Кенесов Ж.К.,

Приозерск қаласының мемлекеттік мұрағатының директоры

## АЛҒАШҚЫ КҮНІ КӨКТЕМНІҢ

Алғашқы күні көктемнің,  
Бұған да құдай жеткердің.  
Тағы бір қысты қалдырдық,  
Еншісі етіп өткеннің.

Жетті ғой елім көктемге,  
Бет алды жерім көктеуге.  
Құлпырып далам кеткенде,  
Барайық қалқам көктерге.

Тұрғанда гүлдер жайқалып,  
Бөктерге барып қайталық.  
Екеуіміз бірге қосылып,  
Махаббат әнін айталық.

Наурыздың желпіп самалы,  
Жанымды баурап барады.  
Дала да, көк те, ғалам да...

Махаббат әнін салады.

Ырыс-құт, бақыт тосалық,  
Үмітпен алға басалық.  
Әр жылы көктем келгенде,  
Кетемін біраз жасарып!..

Есіктен наурыз аттады,  
Мереке айы – нокталы.  
Әйел-қыздардың мейрамын,  
Тойлаған елдің шат бәрі.

Жылбасын күтіп аламыз,  
Жақындай түсіп арамыз.  
Тірілер түгел табиғат,  
Тамсана соған қараңыз.

Нұрғали ҚАРАБЕКТЕГІ



## ҰСАҚ БҰЗАҚЫЛЫҚ ЖАСАҒАНДАРҒА ЗАҢ ҚАТАЙТЫЛДЫ

2015 жылдың 1 қаңтарынан бастап күшіне енген Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексте қоғамдық орындарда ластанған, атап айтқанда, темекі тұқылын көшеге тастаған, шаққан пістенің қабығын жерге шашқан, автокөлікте келе жатып ішкен сусынның босаған ыдысын беталды лақтырған және басқа тұрмыс қалдықтарын кез-келген жерге тастаған адамдар жаңа кодекстің 434 бабы 1 бөлігінің санатына сәйкес ұсақ бұзақылық жасаған деп саналып құқық бұзушыға 10 айлық есептік көрсеткіш (19820

теңге) айыппұл немесе 10 тәулікке дейін әкімшілік қамауға алу жазасы белгіленген.

Егер аталған құқық бұзушылық бір жылда екінші рет қайталаса 15 тәулікке әкімшілік қамауға алу жөнінде жаза белгіленген. Яғни ұсақ бұзақылық жасағандарға заң қатаңдалды, сондықтан әрине қоғамдық тәртіпті бұзбай, айналасын таза ұстауы абзал екенін айтуды жөн деп санаймын.

Б.А. Адепбеков,

Приозерск қалалық сотының төрағасы

## АЗАМАТТЫҚ ҚЫЗМЕТКЕР ЛАУАЗЫМЫНЫҢ БОС ОРНЫНА КОНКУРС ЖАРИЯЛАУ ТУРАЛЫ ХАБАРЛАНДЫРУ

«Приозерск қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесі, (Қарағанды облысы, Приозерск қаласы, Балқаш көшесі 5, анықтама үшін телефондар: 5-48-77, 5-21-08, 5-49-40) азаматтық қызметкер лауазымының бос орнына конкурс жариялайды:

«Приозерск қаласының жұмыспен қамту» мемлекеттік мекемесі, әлеуметтік қызметкер – 1 бірлік.

**Білімі:** техникалық және кәсіби немесе орта білімнен кейінгі білім (әлеуметтік жұмыс, медициналық, психологиялық және педагогикалық салалар бойынша).

**Конкурсқа қатысушыларға қойылатын талаптар:** Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының «Арнаулы әлеуметтік қызметтер туралы», «Қазақстан Республикасында мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы» Заңдарын, арнаулы әлеуметтік қызметтерді көрсету аясындағы құқықтық қатынасты реттейтін нормативтік құқықтық актілерді білу.

Конкурсқа қажетті құжаттар аталған хабарландыру бұқаралық-ақпарат құралдарында жарияланған күннен бастап 15 күн ішінде жоғарыда аталған мекен-жай бойынша тапсырылуы тиіс.

## ОБЪЯВЛЕНИЕ О КОНКУРСЕ НА ЗАНЯТИЕ ВАКАНТНОЙ ДОЛЖНОСТИ ГРАЖДАНСКОГО СЛУЖАЩЕГО

ГУ «Отдел занятости и социальных программ г.Приозерск», (Қарағанды облысы, Приозерск қаласы, ул.Балхашская 5, телефоны для справок: 5-48-77, 5-21-08, 5-49-40) объявляет конкурс на занятие вакантной должности гражданского служащего:

**Социальный работник -1 единица, государственное учреждение «Отдел занятости и социальных программ города Приозерск».**

**Образование:** Техническое и профессиональное или послесреднее образование (по социальной работе, медицинскому, психологическому и педагогическому профилям).

**Требования к участникам конкурса:** Знание Конституции Республики Казахстан, Закон Республики Казахстан «О специальных социальных услугах», Закон Республики Казахстан «О социальной защите инвалидов в Республике Казахстан» и другие нормативные-правовые акты, регулирующие правоотношения в сфере предоставления специальных социальных услуг.

Необходимые для участия в конкурсе документы должны быть предоставлены в течение 15 дней с момента публикации объявления о проведении конкурса в средствах массовой информации по вышеуказанному адресу.

## ХАБАРЛАНДЫРУ \*\*\* ОБЪЯВЛЕНИЯ

Редакция газеты «Приозерский вестник» уведомляет заинтересованных лиц о том, что стоимость 1 кв.см площади печатного издания, предоставляемой для публикации агитационных материалов согласно Закону «О выборах», составляет 140 тенге.

## Приозерск қалалық мәслихатының депутаттығына тіркелген кандидаттар Тізімі

### Список зарегистрированных кандидатов в депутаты Приозерского городского маслихата

округ №	Мәслихат депутаттығына кандидаттың аты-жөні	Атқаратын лауазымы	Тіркелген мерзімі
№ округа	Ф.И.О. кандидата в депутаты маслихата	Занимаемая должность	Дата регистрации
5	Ахметбеков Нургазы Байжанович	«Ахметов» ЖК басшысы. Руководитель ИП «Ахметов»	03.03.2015

## ИЗМЕНЕН ПОРЯДОК ОПЛАТЫ ГОСУДАРСТВЕННЫХ ПОШЛИН

С 29.11.2014 года введен в действие Закон Республики Казахстан «О внесении изменений и дополнений в некоторые законодательные акты Республики Казахстан по вопросам отправления правосудия, снижения бюрократических процедур, за исключением отдельных норм. Законом внесены изменения в Гражданско-процессуальный, уголовно-процессуальный, Кодекс об административных правонарушениях и ряд других законодательных актов. Изменения касаются в части необходимости оплаты государственных пошлин при подаче апелляционной и кассационной жалоб, ходатайств о пересмотре судебных актов в порядке надзора. Что существенно для участников процесса, и облегчит их труды при обращении в суды. Также это касается расширения сфер применения медиации как процедуры примирения сторон без участия судьи, с проведением процессов по аудио и видеозаписям, обращение в виде электронного документа, либо исследования доказательств на дистанционном расстоянии, а также получение документов в электронном варианте. В связи с чем, при отсутствии квитанции при подаче апелляционной, кассационной жалоб или

ходатайства об оспаривании судебного акта в порядке надзора, жалоба или ходатайство будут возвращены стороне без рассмотрения. А в случае заключения мирового соглашения между участниками процесса, государственная пошлина также будет им возвращена и об этом внесено изменение в Кодекс РК «О налогах и обязательных отчислениях в бюджет».

Департаментом по обеспечению судов разрабатывается соответствующий технический регламент, работа по обеспечению возможности подачи апелляционных и кассационных жалоб через сервис «Судебный кабинет» на Интернет-ресурсе Верховного Суда Республики Казахстан. Что гораздо облегчит порядок обращения участников процесса в вышестоящие инстанции.

По вопросам внесенных изменений и дополнений в некоторые законодательные акты Республики Казахстан Приозерский городской суд провел брифинг с юридическими лицами г.Приозерск, которые непосредственно работают с судом.

Ахметова Э.Ж.,

судья Приозерского городского суда

## Утверждены размеры обязательных членских взносов

(окончание, начало на стр.3)

3) при совпадении в отношении конкретного юридического лица критериев, указанных в подпунктах 1) и 2) пункта 2 настоящего решения, указанное юридическое лицо освобождается от уплаты обязательных членских взносов в размере 25%;

4) освобождение от уплаты обязательных членских взносов в отношении конкретного юридического лица применяется однократно.

4. Освободить от уплаты обязательных членских взносов в размере 100% организации, численность инвалидов за отчетный период которых составляет не менее пятидесяти одного процента от общего числа работников.

источник: «Казахстанская правда» № 42 (27918) от 04.03.2015 года

## ХАБАРЛАНДЫРУ \*\*\* ОБЪЯВЛЕНИЯ

### АВТОМОБИЛИ, АВТОЗАПЧАСТИ

#### Продам

Mitsubishi Space Runner, 1992 г.выпуска. Объем 1,8. Коробка механика. Есть запасная коробка. За 5,500 у.е. Торг уместен. Обращаться по телефону: 87054617098, 87788541589, 87051795301 \*\*\*

Блок-фара левая, б/у от а/м Mazda-626, переходка. Телефон: 8702-60-40-260

### НЕДВИЖИМОСТЬ

#### Продам

2-х комнатная квартира по адресу Б.Момышулы (Пирогова) д. 5, кв. 51. Первый этаж, имеется балкон. Квартира в хорошем состоянии. Цена договорная. Обращаться по тел. 8702-786-58-82, 8778-853-87-97. \*\*\*

3-комн. квартира. Или меняю на 2-комнатную с доплатой. Тел. 87755749131 дом.5-33-64 \*\*\*

2-х ком. квартира по ул. Достык16/2 -10 Тел. 8778-853-75-53, 52 \*\*\*

2-х ком.квартира Цена договорная. тел. 8-775-359-68-30 \*\*\*

Приватизированная 2-комн. квартира, сделан кап.ремонт, без долгов, по ул. Ағыбай батыра -4, кв.15 тел.8-777-485-62-51, 8-702-648-26-28

### ПАРИКМАХЕРСКАЯ «МИЛОЛИКА»

Предлагает услуги по мужской и женской стрижкам, укладке, по маникюру, наращиванию ногтей и педикюру.

**Ждем Вас по адресу:**

ул. Космонавтов, 5-107,  
телефон: 5-50-81

**Время работы:**

с 10.00 час. до 19.00час.

Выходной - Понедельник.

**На маникюр и педикюр  
занись по телефону:  
8-771-699-32-89**

### Магазин «МАГНАТ» (бут.№ 7),

расположенный на Центральном рынке, приглашает покупателей, желающих приобрести качественный товар по привлекательным ценам! Только для Вас и только самые свежие модели популярных гаджетов, сотовых телефонов и аксессуаров к ним, а также различные электроприборы и электроника!  
**Мы работаем с казахстанскими банками и предоставляем товары в кредит!**  
**На весь товар имеется гарантия!**

Ежегодно 15 марта мировая общественность отмечает «Всемирный день прав потребителей» и в этом году он посвящен здоровому питанию.

11 марта 2015 года в РГУ «Приозерское городское управление по защите прав потребителей» будет проводиться «День открытых дверей» по вопросам здорового питания.

Телефон для справок: 8(71039) 5-41-13

### Собственник: ИП Бухарбаева А.А.

Газета «Приозерский вестник» зарегистрирована в Министерстве связи и информации Республики Казахстан Свидетельство о постановке на учет СМИ № 15037-Г от 26.12.2014г. Адрес редакции: 101100 г. Приозерск, ЦР (временно). Справки по тел. +7-705-981-86-79 (гл. редактор), +7-702-604-02-60 (тех. редактор) E-mail: prz\_westnik@mail.ru Веб-сайт: www.prio-vestnik.kz Газета отпечатана в ТОО «Арко» г. Караганда, ул. Сатпаева 15. Заказ № 09/394. Тираж: 500 экз., объем-1 п.л., формат - А2,4 стр.

Главный редактор: Кенжебеков Б.А. Технический редактор: Струментов А.В. Для подачи частных объявлений и рекламы обращаться по тел: +7-705-466-60-63 Корреспонденция принимается на электронный адрес: prz\_westnik@mail.ru

Письма, рукописи, фотографии и рисунки не рецензируются и не возвращаются. Ответственность за точность приведенных фактов, статистических данных, собственных имен, географических названий и других данных несут авторы публикаций. Редакция не несет ответственности за содержание рекламных объявлений. Мнение авторов может не совпадать с мнением редакции. Перепечатка материалов без согласия редакции запрещена.

Газета распространяется в местах продажи газет и журналов (киоски печати, магазины, рынки), в редакции и частными распространителями в г.Приозерске и г.Караганде, а также по подписке во всех городах и районах области. Подписной индекс - 65041